

**Теректі негізгі мектебінің 2024 жыл №4 кезектен тыс педагогикалық
кеңес хаттамасының көшірмесінен үзінді**

Қатысқандар – 18 (педагогикалық ұжым)

Кеңес төрағасы: М.Е.Аяпбергенов

Хатшы: Мұхит А.Қ.

Күн тәртібінде:

1. «Теректі негізгі мектебі» КММ өзін-өзі бағалау туралы
/М.Е.Аяпбергенов/

Тыңдалды:

Мектеп директоры М.Е.Аяпбергенов мектебіміз ағымдағы жылдың шілде айында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығы «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды» басшылыққа ала отырып мектеп қызметін өзін-өзі бағалау жүргізу кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілері болып мыналар табылатындығын атап өтті:

- 1) Білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) Оқыту және білім беру;
- 3) Білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) Тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

Мектеп қызметін өзін-өзі бағалауға ұсынылатын білім беру қызметтерінің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жалпы талаптарына:

- 1) Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұны;
- 2) Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне;
- 3) Білім алушылардың дайындық деңгейіне;
- 4) Оқу мерзіміне сәйкестігін талдау жолымен жүзеге асырылады.
- 5) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім

берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген стандарттарының талаптарына сәйкестігін зерделеу кезінде ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген (2023 жылғы 27 маусымдағы №183 өзгерістермен мен толықтырулар енгізу туралы) «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» пайдаланылады.

Мектеп қызметін өзін-өзі бағалау жұмысын өткізу бойынша кезектен тыс педагогикалық кеңесте шешім қабылданды:

ШЕШІМ:

1. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау нұсқаулығына сәйкес мемлекеттік аттестаттаудан өту үшін Теректі негізгі мектебі қызметіне өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілсін.
2. Теректі негізгі мектебі қызметіне жүргізілетін өзін-өзі бағалау жұмыстарының мерзімі 2024 жылдың 02-30.05 аралығы болып бекітілсін.
3. Мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін жауапты комиссия құрылсын.
4. ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес білім беру ұйымы көрсететін білім беру қызметінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талабына сәйкестігі анықталсын.
5. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу кезінде комиссия мүшелеріне зерделеудің нақты бағыттары бойынша тапсырмалар бөлініп, жоспар құрылып бекітілсін.

Педкөенес төрағасы:

Хатшысы:



М.Е.Аяпбергенов

Ж.Лекерова